

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ. БҰЛ ТАРИХИ СӨТ ЕЛДІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІН, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІН ТҮБЕГЕЙЛІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ БОЛЫП ОТЫР. ЖАҢА АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚАТЫСУЫМЕН ӘЗІРЛЕНДІ. ЕНДІ ОНЫҢ ҮҚПАЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ ӘР САЛАСЫНДА ҚАЛАЙ КӨРІНІС ТАБАТЫНЫҢ ТАЛДАП КӨРЕЙІК.



РЕФЕРЕНДУМНАН KEЙІН ЕЛІМІЗДІҢ САЯСИ, МӘДЕНИ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?



САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Жаңа Конституцияның ең ірі саяси жаңалығы – бірпалаталы Парламент немесе Құрылтайдың құрылуы. 145 депутаттан тұратын бұл орган пропорционалды сайлау жүйесі бойынша сайланады, бұл партиялардың институционалды рөлін күшейтіп, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Саяси жүйенің трансформациясы биліктің ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, шешім қабылдау үдерісінде азаматтардың рөлін де күшейтеді.

Вице-президент институтын енгізуі және Қазақстан Халық кеңесінің құрылуы қоғамдық диалогқа жаңа серпін береді. Бұл саяси шешімдердің тек билік органдары деңгейінде емес, азаматтар мен қоғамдық ұйымдар қатысуымен қабылдануын қамтамасыз етеді. Жалпы саяси жүйенің жаңғыруы тұрақтылықты сақтап, басқарудың тиімділігін арттыра отырып, қоғамда сенім деңгейін көтереді.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Жаңа Конституция экономиканың әр өңірін дамытуға арналған арнаулы құқықтық режимдер мен «қарқынды дамитын қала» ұғымын енгізеді (5-бап). Бұл өңірлік даму мен инвестициялық саясатты жандандырып, жергілікті экономиканың қарқынды өсуін қамтамасыз етеді. Арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару мен сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін де ескереді, бұл бизнесті жүргізудің ашықтығын арттырады.

Барлық меншік түрлері тең қорғалады және қоғам мен мемлекет мүддесіне сай пайдаланылуы тиіс (8-бап). Сонымен қатар жеке меншікке, мұрагерлік құқыққа және кәсіби қызмет бостандығына кепілдік беріледі, монополиялық қызмет заңмен реттеледі, жосықсыз бәсекеге тыйым салынады (29-бап). Мұның барлығы экономикалық белсенділікті арттырып, азаматтарға меншікті қорғау арқылы сенімді бизнес-қоршаған орта құруға мүмкіндік береді.

МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жаңа Конституцияда тарихи және мәдени мұраларды сақтау азаматтардың міндеті ретінде белгіленген (40-бап). Бұл мәдени саясаттың негізгі бағытын айқындап, ұлттық бірлікті нығайтуға, тарихи ескерткіштер мен мәдени ескерткіштерді қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Конституцияда отбасы құндылықтарын, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау күшейтілген. Дін мен мемлекет рөлі айқын бөлінген, білім беру жүйесі зайырлы сипатқа ие. Бұл әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, адам капиталын дамытудың стратегиялық негізін қалайды.

Референдумнан кейін қабылданатын жаңа Конституция Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ахуалына терең ықпал етеді. Саяси жүйе тиімді, ашық және азаматтық қатысуға негізделген құрылымға айналады. Әлеуметтік-экономикалық саясат адам капиталын дамытуға, инновация мен ғылымға басымдық беруге бағытталады, экономиканың әр өңірінде арнаулы құқықтық режимдер енгізіледі, меншікті қорғау мен кәсіпкерлік еркіндік күшейеді. Мәдени салада ұлттық бірлік пен тарихи-мәдени мұраны сақтау басты қағидат болып қалыптасады.

Осылайша жаңа Конституция Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттырып, елдің тұрақты және прогрессивті даму стратегиясын бекітеді. Бұл реформаның басты ерекшелігі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қоғамдағы келісім мен әділеттілікті сақтау, сондай-ақ елдің ұзақ мерзімді дамуына жол ашу.

МО қоғамдық коммуникация орталығы.

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ

БҮГІНДЕ ӘЛЕМДЕ БІЛІМ МЕН КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ АРТҚАН САЙЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБИЛЕТТІ БОЛУЫ АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТКЕ АЙНАЛДЫ. БҰЛ БАҒЫТТА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РӨЛІ ЗОР. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕДЕЛДІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРІ – Ш.ЕСЕНОВ УНИВЕРСИТЕТІ. УНИВЕРСИТЕТ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗІП, СТУДЕНТТЕРІНЕ САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАП, ОЛАРДЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ҮҚПАЛ ЕТЕДІ.

Сапалы білім – кәсіби білім берудің негізі. Сондықтан Ш.Есенов университеті сапалы білім беру жолында бірнеше бағытты ұстанады. Біріншіден, оқу процесі халықаралық стандарттарға сай. Университеттің оқытушылары – өз саласындағы тәжірибелі мамандар мен ғылыми жетекшілер, олар студенттерге тек теориялық білім ғана емес, практикалық дағдыны да үйретеді. Сонымен қатар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндігі мол. Бұл студенттерге жаңа технологияларды игеріп, ғылыми жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді.

Ш.Есенов университетінде теория мен практиканың тығыз байланысы ерекше маңызға ие. Студенттер оқу барысында ғана емес, сонымен қатар университеттің түрлі серіктес кәсіпорындарында тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне ие. Әсіресе инженерия, ақпараттық технологиялар, экономика және бизнес салаларында білім алатын жастар практикалық тұрғыдан білікті маман болуға дайындалады. Бұл тәжірибе олардың жұмыс дағдыларын шыңдап, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады.

Ш.Есенов университетінде білім беру тек дипломмен шектелмейді. Университет қосымша білім беру курстары мен тренингтерін ұсынады. Бұл курстар студенттердің арнайы дағдыларын дамытуға көмектеседі, оларды халықаралық стандарттармен таныстырады және кәсіби дамуын арттырады. Сонымен қатар университеттің

кәсіптік бағдар беру және карьералық кеңес беру қызметтері студенттердің еңбек нарығында өз орнын табуға ықпал етеді.

Университет әлемнің жетекші университеттерімен тығыз байланыс орнатып, студенттерге халықаралық білім беру мүмкіндіктерін ұсынады. Халықаралық серіктестіктер аясында студенттер ғылыми зерттеулерге қатыса алады, тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысып, басқа елдерде білімін шыңдай алады. Мұндай мүмкіндіктер жастардың әлемдік деңгейде кәсіби даярлық алуына жол ашады.

Ш.Есенов университеті сапалы білім мен тәжірибеге негізделген кәсіби даярлықты басты міндеті етіп қойып, Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының арасында көшбасшы болуға ұмтылуда. Университет студенттеріне тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар оларды нақты өмірде қолдана білетін практикалық дағдыларды үйретіп, әлемдік стандарттарға сәйкес келетін білікті маман даярлауда маңызды рөл атқарады.

Сапалы білім мен тәжірибе негізінде кәсіби даярлық қазіргі қоғамның дамуында ерекше орын алады. Бұл жолда Ш.Есенов университеті өзінің студенттерін ерқашан қолдап, оларды үздік маман ретінде қалыптастыруда өз үлесін қосуда.

Жүлдіз ШАҢЫТБАЕВА,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің педагогика факультеті, жаратылыстану ғылымдары кафедрасы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

1) **Жобаның атауы** – «Емір ойл» ЖШС 2026 жылға арналған қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға арналған құжаттар (эмиссиялар нормативтерінің жобаларына №1 түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасының (ҚБЖ) №1 түзетуі, қоршаған ортаны бақылау бағдарламасының (ҚОБЖ) және 2026 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау жоспарының және техникалық жобалар «Кариман газ өңдеу зауытындағы жинау жүйесін кеңейту. Солтүстік Кариман газ өңдеу зауытынан Кариман газ өңдеу зауытына дейін мұнай қоймасын салу», «Кариман кен орнындағы қойма қысымын ұстап тұру жүйесі»;

2) **Аумағына әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі** – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а.о., Баянды а; әсер ету орнының географиялық координаттары – 1) X43.5211, Y51.2931

3) **Қоғамдық тыңдау** 27.03.2026 жылы, сағат 10.00-де, Мұнайлы ауданы, Баянды ауыл округі, Баянды ауылының клубында өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/86357367305?pwd=9v3nyu3kPd39vz9YwNUeRqMXE0S1Y.1>

Конференция идентификаторы: 863 5736 7305

Кіру коды: Ba3W16

4) Бастамашының мәліметтері және байланыс апараты – «Емір-ойл» ЖШС, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, Құйылыс мекені, құрылыс 14, БСН: 020340004531, тел: 8-729-229-0960, эл.пошта: k_koshanova@emiroil.kz;

5) Құжаттаманы әзірлеушілердің мәліметтері мен байланыс апараты – «Мұнай Энерджи Групп» ЖШС, тел. 87021115565, эл.пошта: s.tazhiev@megroup.kz;

6) Ақпараттық жүйеге және құжаттарды қарауға арналған жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/?lang=ru>; <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/31439>.

7) Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы – «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қ. 14-ш.а. 1-ғимарат; тел: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға С.Базарбай.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЕМІР-ОЙЛ» ЖШС «Кариман кен орнындағы тереңдігі 4100 м (+/-250 м) №127 ұңғысы құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚБ» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 27.03.2026 ж. сағат 11.00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылында, ауылдық клубта өтеді.

Төтенше жағдайлар немесе шектеу шаралары енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде ZOOM бейне конференциясы арқылы өтеді, қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/83160607058?pwd=7ksTpFEvDYxJx3sFiUYEe5E5aeLIU.1>

Конференция идентификаторы: 831 6060 7058 **Кіру коды:** rS4PkS

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz> сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналасқан, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.

Бастамашының мәліметі: «Емір-ойл» ЖШС, тел. +7-771-303-2405, e-mail: k_koshanova@emiroil.kz, БСН: 020340004531

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21, БСН: 200240021010

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru, тел. +7 701-763-32-21

• E-MAIL: XAT.MANGYSTAU@GMAIL.COM / ГАЗЕТ СЕЙСЕНБІ, БЕЙСЕНБІ КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

Меншік иесі:
MAҢҒЫСТАУ MEDIA
Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі, тел./факс:
20-48-34 mangystau.media@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне есепке қойылып, №КЗ60VРУ0052105 күнәлігі 15.07.2022 ж. берілген.

МАҢҒЫСТАУ
Облыстық қоғамдық-саяси газет.
1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады.
Бас редактор
Анарғұл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ
Редакция телефондары:
Бас редактордың орынбасары
Г.Жеменей: 8 (7292) 20-48-43
Аға дизайнер
Л.Мұратова: 8 (7292) 20-48-37

Журналистер: Х.Қуат, А.Орынбаева, З.Әбділ-Сагтар, А.Сүндет, Ә.Қазмағамбетова: 8 (7292) 20-48-39
Беттеуші-дизайнерлер:
Ж.Абланова, Ш.Тенізбай:
8 (7292) 20-48-37
Кезекші редактор: А.Сүндет
«Маңғыстауға» жарнама, құттықтау, хабарландырулар жариялау үшін:
8 (7292) 20-48-42, lau.media@yandex.ru

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29 «а»
тел.: 8 (7122) 45-86-60; 58-63-92
Таралымы: 3329
Индекс: 65492
Тапсырыс: 0184
Жариялану ақысы төленген.
Бағасы келісімді. 2 т.б.



Мекен-жайымыз:
Ақтау қаласы, 9-ш/а,
42/1-ғимарат.